

**"Абай аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 14 наурыздағы 54 сессиясының № 54/589 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 8 сәуірде № 3749 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 2017 жылғы 23 ақпандағы № 13/139 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 23.02.2017 № 13/139 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 13 "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 12705 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Абай аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі бекітілсін.

2. Абай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 10 қыркүйектегі 44 сессиясының № 44/492 "Абай аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3450 болып тіркелген, 2015 жылғы 24 қазандағы № 42 "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде, 2015 жылғы 28 қазандағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы  
Абай аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Р. Мұсағалиев*

*Б. Цай*

## **"Абай аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Абай аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесі ( бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы " Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының 33 бабының 5 - тармағына сәйкес әзірленді және "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі – "Б" корпусының қызметшілері) қызметін бағалау алгоритмін айқындайды.

2. "Б" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалау (бұдан әрі – бағалау) олардың жұмыс тиімділігі мен сапасын айқындау үшін жүргізіледі.

3. Бағалау "Б" корпусы қызметшісінің атқаратын лауазымындағы қызметінің нәтижелері бойынша:

1) тоқсанның қорытындысы бойынша (тоқсандық бағалау) – бағаланып жатқан жылдағы есептік тоқсаннан кейінгі айдың онынан кешіктірілмей ( оныншы желтоқсаннан кешіктірілмей бағалау өткізілетін төртінші тоқсанды қоспағанда);

2) жылдың қорытындысы бойынша (жылдық бағалау) – бағаланып жатқан жылдың жиырма бесінші желтоқсанынан кешіктірілмей өткізіледі.

"Б" корпусының қызметшісін бағалау оның нақты лауазымда орналасу мерзімі үш айдан кем болған жағдайда өткізілмейді.

Әлеуметтік демалыстағы "Б" корпусының қызметшілері бағалауды жұмысқа шыққаннан кейін осы Әдістеменің осы тармағында көрсетілген мерзімде өтеді.

4. Тоқсандық бағалауды тікелей басшы жүргізеді және "Б" корпусы қызметшісінің лауазымдық міндеттерді орындауын бағалауға негізделеді.

"Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы өзінің лауазымдық нұсқаулығына сәйкес бағынатын тұлға болып табылады.

5. Жылдық бағалау:

1) "Б" корпусы қызметшісінің есептік тоқсандардағы орта бағасынан;

2) "Б" корпусы қызметшісінің жеке жұмыс жоспарын орындау бағасынан;

3) айналмалы бағалаудан құралады.

6. Мемлекеттік лауазымға тағайындау және мемлекеттік лауазымнан босату құқығы бар лауазымды тұлға "Б" корпусы қызметшісінің қызметін бағалауды өткізу үшін Бағалау жөніндегі комиссия құрылады.

7. Бағалау жөніндегі комиссияның мәжілісі оның құрамының үштен екісінен астамы қатысқан жағдайда өкілетті болып есептеледі. Бағалау жөніндегі комиссияның төрағасы не мүшесі болмаған жағдайда, оларды алмастыру бағалау жөніндегі комиссияны құру туралы өкімге өзгертулер енгізу арқылы уәкілетті тұлғаның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

8. Бағалау жөніндегі комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

9. Дауыс беру қорытындысы Бағалау жөніндегі комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыс саны тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Бағалау жөніндегі комиссияның хатшысы болып аудандық мәслихат аппаратының кадр жұмысы бойынша бас маман табылады. Комиссия хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

## **2. Жұмыстың жеке жоспарын құрастыру**

10. "Б" корпусы қызметшісі жұмысының жеке жоспары "Б" корпусы қызметшісімен және оның тікелей басшысымен бірлесіп келесі жылдың бірінші қаңтарынан кешіктірмей осы Әдістемеге 1 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша құрастырылады.

11. "Б" корпусының қызметшісін лауазымға осы Әдістеменің 10 тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін тағайындалған жағдайда, атқаратын лауазымдағы "Б" корпусы қызметшісі жұмысының жеке жоспары оны лауазымға тағайындаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде құрастырылады.

12. "Б" корпусының қызметшісі жұмысының жеке жоспарына:

1) "Б" корпусының қызметшісі туралы дербес деректерді (Т.А.Ә. (болған жағдайда), атқаратын лауазымы);

2) мемлекеттік органның стратегиялық мақсатына (мақсаттарына), олар болмаған жағдайда оның функционалдық міндеттеріне сәйкес "Б" корпусы қызметшісінің жұмыс іс-шараларының атауы кіреді.

Іс-шаралар қолжетімді, іске асатын, "Б" корпусы қызметшісі жұмысының функционалды бағытымен байланысады, нақты аяқтау нысанына ие болады.

Іс-шаралардың саны мен күрделілігі мемлекеттік органның салыстыруында анықталады.

3) "Б" корпусы қызметшісінің және оның тікелей басшысының қолдары, жеке жоспарға қол қою күнін қамтиды.

13. Жеке жоспар екі данада құрастырылады. Бір дана аудандық мәслихат аппаратының кадр жұмысы бойынша бас маманына беріледі. Екінші дана аудандық мәслихат аппаратының басшысында болады.

### **3. Бағалауды жүргізуге дайындық**

14. Аудандық мәслихат аппаратының кадр жұмысы бойынша бас маманы Бағалау бойынша комиссия төрағасының келісімі бойынша бағалауды өткізу кестесін қалыптастырды.

Аудандық мәслихат аппаратының кадр жұмысы бойынша бас маманы бағалауға жататын "Б" корпусы қызметшісін және бағалауды іске асыратын тұлғаларды бағалу туралы уақытылы хабардар етуді қамтамасыз етеді және оларға бағалау парақтарын толтыру үшін жібереді.

### **4. Лауазымдық міндеттерді орындауды бағалау**

15. Лауазымдық міндеттерді орындауды бағалау негізгі, көтермелеу және айыппұл баллдарынан құралады.

16. Негізгі баллдар 100 балл деңгейінде белгіленеді.

17. Көтермелеу баллдары ағымдағы жұмыстың орташа көлемінен асатын қызмет көрсеткіштері, сондай-ақ мазмұндық және/немесе ұйымдастырушылық жағынан күрделі болып табылатын қызмет түрлері үшін қойылады.

18. Көтермеленетін қызмет көрсеткіштері мен түрлері мемлекеттік органдармен өз ерекшеліктеріне сүйеніп белгіленеді және атқарылған жұмыстың көлемі мен күрделілігінің қосу тәртібімен бес деңгейлік шкала бойынша орналасады. Бұл ретте көтермеленетін қызмет көрсеткіштері мен түрлеріне Электронды құжат алмасудың бірыңғай жүйесінде және мемлекеттік органының Интернет-порталында белгіленетін де, белгіленбейтін де құжаттар мен іс-шаралар кіре алады.

Әр көтермеленетін қызмет көрсеткіші мен түрі үшін "Б" корпусының қызметшісі тікелей басшыдан бекітілген шкалаға сәйкес "+1"-ден "+5" баллға дейін иеленеді.

19. Айыппұл баллдары орындау және еңбек тәртібін бұзғаны үшін қойылады.

20. Орындау тәртібін бұзуға:

1) жоғары тұрған органдардың, мемлекеттік орган басшылығының, тікелей басшының тапсырмаларын және бақылаудағы құжаттар мен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін орындау мерзімдерін бұзу;

2) тапсырмаларды және бақылаудағы құжаттарды, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін сапасыз орындау жатады.

21. Еңбек тәртібін бұзуға:

- 1) дәлелді себепсіз жұмыста болмауы;
- 2) дәлелді себепсіз жұмысқа кешігу;
- 3) қызметшілердің қызметтік әдепті бұзуы жатады.

Еңбек тәртібін бұзу фактілері туралы ақпараттың қайнары ретінде аудандық мәслихат аппаратының кадр жұмысы бойынша бас маманы, "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысының құжатпен дәлелденген мәліметі болады.

22. Әр орындау және еңбек тәртібін бұзғаны үшін "Б" корпусының қызметшісіне әр бұзу фактісі үшін "-2" балл мөлшерінде айыппұл баллдары қойылады.

23. Лауазымдық міндеттердің орындалуын бағалауды жүргізу үшін, "Б" корпусының қызметшісі тікелей басшыға осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған бағалау парағын келісу үшін жібереді.

24. Тікелей басшы "Б" корпусы қызметшісінің еңбек тәртібін бұзғаны туралы аудандық мәслихат аппаратының кадр жұмысы бойынша бас маманының берген мәліметтерін есепке ала отырып, бағалау парағында берілген деректердің растығын қарастырып, оған өзгертулер (болған жағдайда) енгізеді және онымен келіседі.

25. Тікелей басшы келіскеннен кейін, бағалау парағы "Б" корпусы қызметшісімен расталады.

"Б" корпусы қызметшісінің бас тартуы құжаттарды Бағалау жөніндегі комиссияның отырысына жіберу үшін кедергі бола алмайды. Бұл жағдайда "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы мен аудандық мәслихат аппаратының кадр жұмысы бойынша бас маманы еркін нысанда танысудан бас тарту туралы акт құрастырады.

## **5. Жеке жұмыс жоспарын орындауды бағалау**

26. Жылдық бағалауды өткізу үшін "Б" корпусының қызметшісі тікелей басшыға келісу үшін осы Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған бағалау парағын жолдайды.

27. Тікелей басшы бағалау парағын онда берілген мәліметтердің анықтылығы тұрғысынан қарастырып, түзету енгізеді (болған жағдайда) және оған келісім береді.

28. Тікелей басшымен келіскеннен кейін бағалау парағын "Б" корпусының қызметшісі растайды.

"Б" корпусы қызметшісінің бас тартуы құжаттарды Бағалау жөніндегі комиссияның отырысына жіберуге кедергі бола алмайды. Бұл жағдайда "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы мен аудандық мәслихат аппаратының

кадр бойынша бас маманы танысудан бас тарту туралы еркін нысанда акт жасайды.

## **6. Айналмалы бағалау**

29. Айналмалы бағалау:

1) тікелей басшыны;

2) "Б" корпусы қызметшісіне бағыныштыларды;

3) бағыныштылар болмаған жағдайда – "Б" корпусының қызметшісі жұмыс істейтін аудандық мәслихат аппаратында лауазымдарды атқаратын тұлғаларды бағалау болып табылады.

30. Осы Әдістеменің 29 - тармағының 2), 3) тармақшаларында көрсетілген адамдардың тізімі (үштен аспайтын) "Б" корпусы қызметшісінің лауазымдық міндеттері және қызметтік өзара әрекеттестігіне қарай аудандық мәслихат аппаратының кадр жұмысы бойынша бас маманымен бағалау жүргізілгенге бір айдан кешіктірмей анықталады.

31. Осы Әдістеменің 29 - тармағында көрсетілген тұлғалар осы Әдістеменің 4 -қосымшасына сәйкес нысанда айналмалы бағалау парағын толтырады.

32. Толтырылған бағалау парақтары аудандық мәслихат аппаратының кадр жұмысы бойынша бас маманына оларды алған күннен екі жұмыс күні ішінде жіберіледі.

33. Аудандық мәслихат аппаратының кадр жұмысы бойынша бас маманы айналмалы бағалаудың орта бағасын есептейді.

34. Айналмалы бағалау жасырын түрде жүргізіледі.

## **7. Қорытынды баға**

35. Қызметшінің тікелей басшысы "Б" корпусы қызметшісінің тоқсандық қорытынды бағасын мынадай формула бойынша есептейді:

тоқсандық баға;

а – көтермелеу баллдары;

в – айыппұл баллдары.

36. Тоқсандық қорытынды баға мынадай шәкіл бойынша қойылады:

80 баллдан төмен - "қанағаттанарлықсыз";

80-нен 105 баллға дейін – "қанағаттанарлық";

106-дан 130 баллға дейін (қоса алғанда) – "тиімді";

130 баллдан астам – "өте жақсы".

37. Аудандық мәслихат аппаратының кадр жұмысы бойынша бас маманы "Б" корпусы қызметшісінің жылдық қорытынды бағасын мына формула бойынша

Бағалау жөніндегі комиссия отырысына дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей есептейді:

жылдық баға;

есептік тоқсандардың орта бағасы (орта арифметикалық мән). Бұл ретте тоқсандық бағалардың алынған орта арифметикалық мәні осы Әдістеменің 37 - тармағында көрсетілген шәкілді есепке ала отырып, бес

баллдық бағалар жүйесіне келтіріледі, атап айтқанда:

"қанағаттанарлықсыз" мәнге (80 баллдан төмен) – 2 балл;

"қанағаттанарлық" мәнге (80-нен 105 баллға дейін) – 3 балл;

"тиімді" мәнге (106-дан 130 баллға (қоса алғанда) дейін) – 4 балл;

"өте жақсы" мәнге (130 баллдан астам) – 5 балл;

– жеке жұмыс жоспарын орындау бағасы (орта арифметикалық мән);

– айналмалы бағалау (орта арифметикалық мән).

38. Жылдың қорытынлы бағасы мынадай шәкіл бойынша қойылады:

3 баллдан төмен – "қанағаттанарлықсыз";

3 баллдан бастап 4 баллға дейін – "қанағаттанарлық";

4 баллдан бастап 5 балға дейін – "тиімді";

5 балл – "өте жақсы".

## **8. Комиссияның бағалау нәтижелерін қарауы**

39. Аудандық мәслихат аппаратының кадр жұмысы бойынша бас маманы Комиссия төрағасымен келісілген кестеге сәйкес бағалау нәтижелерін қарау бойынша Комиссияның отырысын өткізуді қамтамасыз етеді.

Аудандық мәслихат аппаратының кадр жұмысы бойынша бас маманы Комиссияның отырысына мынадай құжаттарды:

1) толтырылған бағалау парақтарын;

2) толтырылған айналмалы бағалау парағын (жылдық бағалау үшін);

3) "Б" корпусы қызметшісінің лауазымдық нұсқаулығын;

4) осы Әдістемеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Комиссия отырысы хаттамасының жобасын тапсырады.

40. Комиссия бағалау нәтижелерін қарастырады және мына шешімдердің бірін шығарады:

1) бағалау нәтижелерін бекітеді;

2) бағалау нәтижелерін қайта қарайды.

Бағалау нәтижелерін қайта қарау туралы шешім қабылдаған жағдайда Комиссия хаттамада тиісті түсіндірмемен келесі жағдайларда бағаны түзетеді:

1) егер "Б" корпусы қызметшісінің қызмет тиімділігі бағалау нәтижесінен

көп болса. Бұл ретте "Б" корпусы қызметшісінің қызмет нәтижесіне құжаттамалық растау беріледі;

2) "Б" корпусы қызметшісін бағалау нәтижесін санауда аудандық мәслихат аппаратының кадр бойынша бас маманы қате жіберсе.

41. Аудандық мәслихат аппаратының кадр жұмысы бойынша бас маманы бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң екі жұмыс күні ішінде "Б" корпусының қызметшісін таныстырады.

"Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша немесе электронды нысанда жүргізіледі.

"Б" корпусы қызметшісінің танысудан бас тартуы бағалау нәтижелерін оның қызметтік тізіміне енгізуге кедергі бола алмайды. Бұл жағдайда аудандық мәслихат аппаратының кадр жұмысы бойынша бас маманы танысудан бас тарту туралы еркін нұсқада акт жасайды.

42. Осы Әдістеменің 39 - тармағында көрсетілген құжаттар, сондай-ақ комиссия отырысының қол қойылған хаттамасы аудандық мәслихат аппаратының кадр жұмысы бойынша бас маманында сақталады.

## **9. Бағалау нәтижелеріне шағымдану**

43. Комиссия шешіміне "Б" корпусы қызметшісінің мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық департаментіне шағымдануы шешім шыққан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

44. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган немесе оның аумақтық департаменті "Б" корпусы қызметшісінен шағым түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде шағымды қарайды және бұзушылықтар анықталған жағдайда, мемлекеттік органға Комиссия шешімінің күшін жою туралы ұсыныс жасайды.

45. Қабылданған шешім туралы ақпаратты мемлекеттік орган екі апта ішінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық департаментіне береді.

46. "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижелеріне сотта шағымдануға құқығы бар.

## **10. Бағалау нәтижелері бойынша шешім қабылдау**

47. Бағалау нәтижелері бонус төлеу және оқыту бойынша шешім қабылдауға негіз болып табылады.

48. Бонустар "өте жақсы" және "тиімді" бағалау нәтижелері бар "Б" корпусы қызметшілеріне төленеді.

49. "Б" корпусының қызметшісін оқыту (біліктілігін арттыру) жылдық



бағалаудың қорытындылары бойынша "Б" корпусы қызметшісінің қанағаттанарлықсыз болып танылған қызмет бағыты бойынша жүргізіледі.

"Б" корпусының қызметшісі Комиссия оның қызметін жылдық бағалаудың нәтижелерін бекіткеннен кейін үш ай ішінде біліктілікті жоғарылату курстарына жіберіледі.

50. "Қанағаттанарлықсыз" баға алған "Б" корпусының қызметшісі мемлекеттік әкімшілік лауазымға алғаш рет қабылданған тұлғаларға тәлемгер ретінде бекітілмейді.

51. "Б" корпусы қызметшісінің қатарынан екі жыл қорытындысы бойынша "қанағаттанарлықсыз" мәндегі бағалау нәтижесі оны лауазымында төмендетуге негіз болып табылады. Кез-келген төмен тұрған бос лауазым болмаған жағдайда, "Б" корпусының қызметшісі заңнамамен белгіленген тәртіпте жұмыстан шығарылады.

52. "Б" корпусының қызметшілерін бағалаудың нәтижелері олардың қызметтік тізімдеріне енгізіледі.

"Абай аудандық мәслихатының аппараты  
"  
мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы  
мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің  
қызметін бағалаудың әдістемесіне  
1- қосымша

Нысан

## "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің жеке жұмыс жоспары

\_\_\_\_\_ ЖЫЛ

(жеке жоспар құрастырылатын кезең)

Қызметшінің Т.А.Ә. (болған жағдайда): \_\_\_\_\_

Қызметшінің лауазымы: \_\_\_\_\_

Қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: \_\_\_\_\_

| №<br>р/с | Шаралардың аталуы* | Іс-шараның нәтижесі |
|----------|--------------------|---------------------|
| 1        | Іс-шара            |                     |
| 2        | Іс-шара            |                     |
| 3        | Іс-шара            |                     |
| 4        | ...                |                     |

### Ескертпе:

- шаралар мемлекеттік органның стратегиялық мақсаттарына (мақсаттарына), олар болмаған жағдайда қызметшінің функционалдық міндеттеріне сәйкестігін есепке ала отыра анықталады.

Іс-шаралардың саны мен күрделілігі мемлекеттік органға сәйкес келуі тиіс

Қызметші Т.А.Ә. (болған жағдайда) \_\_\_\_\_ күні  
 колы \_\_\_\_\_

Тікелей б а с ш ы  
 Т.А.Ә. (болған жағдайда) \_\_\_\_\_ күні  
 колы \_\_\_\_\_

"Абай аудандық мәслихатының аппараты  
 " мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы  
 мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің  
 қызметін бағалаудың әдістемесіне  
 2- қосымша

Нысан

### Бағалау парағы

\_\_\_\_\_ тоқсан \_\_\_\_\_ жыл

(бағаланатын кезең)

Бағаланатын қызметшінің Т.А.Ә. (болған жағдайда): \_\_\_\_\_

Бағаланатын қызметшінің лауазымы: \_\_\_\_\_

Бағаланатын қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: \_\_\_\_\_

#### Лауазымдық міндеттерді орындау бағасы:

| №<br>р/<br>с   | Қызметшінің өзін-өзі бағалауы                                    |   |                                       | Тікелей басшының бағалауы  |   |                                       | Ескерту |
|--|--|---|---------------------------------------|--|---|---------------------------------------|---------|
|  | Көтермеленетін көрсеткіштер мен қызмет түрлері туралы мәліметтер | Орындау тәртібін бұзу туралы мәліметтер | Еңбек тәртібін бұзу туралы мәліметтер | Көтермеленетін көрсеткіштер мен қызмет түрлері туралы мәліметтер       | Орындау тәртібін бұзу туралы мәліметтер | Еңбек тәртібін бұзу туралы мәліметтер |         |
| 1  |  |   |                                       |  |   |                                       |         |
| 2  |  |   |                                       |  |   |                                       |         |
| 3  |  |   |                                       |  |   |                                       |         |
| Өзін-өзі бағалау нәтижесі:                                 |  |   |                                       | Бағалау нәтижесі:  |   |                                       |         |
| Қызметші Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____ күні<br>колы _____ |  |   |                                       | Тікелей б а с ш ы<br>Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____ күні<br>колы _____ |   |                                       |         |

"Абай аудандық мәслихатының аппараты  
 " мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы  
 мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің  
 қызметін бағалаудың әдістемесіне  
 3- қосымша

Нысан

### Бағалау парағы

\_\_\_\_\_ ЖЫЛ

(бағаланатын жыл)

Бағаланатын қызметшінің Т.А.Ә. (болған жағдайда): \_\_\_\_\_

Бағаланатын қызметшінің лауазымы: \_\_\_\_\_

Бағаланатын қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: \_\_\_\_\_

**Жеке жоспарды орындау бағасы:**

| № р/с  | Аталуы  | Маңызы            | Қызметшінің өзін-өзі бағалау нәтижелері                                     | Басшының бағалау нәтижелері | Ескерту |
|--|---------|-------------------|---|-----------------------------|---------|
| 1  | Іс-шара | 2-ден 5-ке дейін  |   |                             |         |
| 2  | Іс-шара | 2-ден 5-ке дейін  |   |                             |         |
| 3  | Іс-шара | 2-ден -5-ке дейін |   |                             |         |
| 4  | ...     |                   |   |                             |         |
| Қызметші<br>Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____<br>күні _____<br>қолы _____ |         |                   | Тікелей басшы<br>Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____<br>күні _____<br>қолы _____ |                             |         |

"Абай аудандық мәслихатының аппараты  
"  
мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы  
мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің  
қызметін бағалаудың әдістемесіне  
4- қосымша

Нысан

**Айналмалы бағалау нәтижелері**

\_\_\_\_\_ ЖЫЛ

(бағаланатын жыл)

Бағаланатын қызметшінің Т.А.Ә. (болған жағдайда): \_\_\_\_\_

Бағаланатын қызметшінің лауазымы: \_\_\_\_\_

Бағаланатын қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: \_\_\_\_\_

| № р/с          | Қүзіреттің аталуы         | Маңызы           | Баға (балл) |
|----------------|---------------------------|------------------|-------------|
| Тікелей басшы  |                           |                  |             |
| 1.             | Бастамашылығы             | 2-ден 5-ке дейін |             |
| 2.             | Әрекеттестікке икемділігі | 2-ден 5-ке дейін |             |
| 3.             | Қызметтік этиканы сақтау  | 2-ден 5-ке дейін |             |
| БАРЛЫҒЫ:       |                           |                  |             |
| Бағынышты адам |                           |                  |             |
| 1.             | Жұмысты жоспарлай білу    | 2-ден 5-ке дейін |             |
| 2.             | Жұмысқа негіздей білу     | 2-ден 5-ке дейін |             |
| 3.             | Қызметтік этиканы сақтау  | 2-ден 5-ке дейін |             |

|          |                          |                  |  |
|----------|--------------------------|------------------|--|
|          | БАРЛЫҒЫ:                 |                  |  |
| Әріптесі |                          |                  |  |
| 1.       | Топта жұмыс істей білу   | 2-ден 5-ке дейін |  |
| 2.       | Қызметтік этиканы сақтау | 2-ден 5-ке дейін |  |
|          | БАРЛЫҒЫ:                 |                  |  |

"Абай аудандық мәслихатының аппараты  
 " мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы  
 мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің  
 қызметін бағалаудың әдістемесіне  
 5- қосымша

Нысан

## Бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік органның атауы)

\_\_\_\_\_ (бағалау түрі: тоқсандық /жылдық және бағаланатын кезең  
 (тоқсан және (немесе) жыл)

### Бағалау нәтижелері

| № р/с | Қызметшілердің Т.А.Ә. (Бағалау нәтижелері болған жағдайда) | туралы мәлімет | Комиссияның бағалау нәтижесін түзетуі (болған жағдайда) | Комиссияның ұсыныстары |
|-------|--|----------------|---|------------------------|
| 1.    |  |                |   |                        |
| 2.    |  |                |   |                        |
| ...   |  |                |   |                        |

Комиссия қорытындысы:

\_\_\_\_\_

Тексерген:

Комиссия хатшысы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (болған жағдайда), қолы)

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (болған жағдайда), қолы)

Комиссия мүшесі: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (болған жағдайда), қолы)